

**Қызылжар жалпы орта білім беретін 2025-2026 оқу жылында атқарылған
әлеуметтік-педагогикалық жұмысының
ЕСЕБІ**

2025-2026 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жоспар бойынша жинақталған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша:

2025-2026 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 157, ондағы бала саны 317 оқушы, толық емес отбасы саны -36, ондағы бала саны-63, толық отбасы-267, жетім бала-1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 9, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-1, мектепшілік есепке алынған білім алушы-16, сәтсіз отбасы-0, тәуекел тобы-3 оқушы есепте. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

Оқу жылдары бойынша аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдатырылды.

Жылдары	Қаражат көлемі	Қамтылынған бала саны	Көмек түрі
2025-2026ж	450,000 /тамыз, қыркүйек/	60	Мектеп формасы, оқу құралдар, спорттық киім

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі №8 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты жұмсау ережелерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілді.

Жылдары	Қаражат көлемі	Қамтылынған бала саны	Көмек түрі
2025-2026ж	2634996	57	Қаржылай

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер

2025-2026 оқу жылында мектеп ішіндегі асхананың жұмысы туралы хабарлаймын : Шұбарқұдық ауылы Қызылжар көшесі /156 мекен –жайында орналасқан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына (ҚР оқу –ағарту министрінің 07.12.2022 №490 қағидаға 108-1 тармақпен толықтырылды)

2024-2025 оқу жылынан бір реттік тегін ыстық тамақпен жекеленген санаттағы 5-11 сыныптар және бастауыш сыныптар бойынша 1-4 қамтылып жатыр. Оқушылар екі ауысымда тамақтанады. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортындысының берілген уақыты 19.04.2022 жыл № D 09XKZ01VWF0063966 Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер Кабашева Нұргүл Оңайбергенқызы көрсетеді. 16.01.2025 жылғы №21 келісім шарт арқылы жұмысын жүргізіп келеді. Екінші келісім шарт күні нөмірі №21. 16.01.2025 жылы берілді.

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік сериясы 12915 - №0514352.

Мектеп атауы Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі. Мектеп асханасының көлемі - 346,59 ш.м, 80 адамға арналған орындық бар. Асхана іші электр, су, жылу, кәріз жүйесі жүргізілген. Оқу жылының басында жекеленген санаттағы отбасы балалары 20 оқушы және бастауыш 1-4 сыныптарда 217 оқушы барлығы

137 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Оқушылардың тамақтану уақытында мектеп мұғалімдерінен кезекшілік құрылды. Асхананың тазалығын күнделікті медбике Г.Казиева тексеріп, бақылап отырады. Асхананың жұмыс уақыты таңғы: 8 - 00 ден түскі 12.-15 ке дейін, түскі үзіліс 13-00-14 -00 , кешкі 18 -15 ке дейін жұмыс жасайды.

Әлеуметтік педагог



А.Мустафина